

З. Мәсү

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Сәуір айы 2026 жыл 3 апта

Білім беру ұйымы: №26 «Үміт» Бөбекжай-балабақшасы

Топ: ортаңғы топ «Балбөбек» Балалардың жасы-3

Жоспардың құрылу кезеңі: 13.04-17.04.26 ж.

Тәбиешілері: Аминова А. Наурзалина Н.Қ.

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Дәйек сөз: «Шеберлік-еңбекпен келеді!..»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 13.04.2026 ж	Сейсенбі 14.04.2026 ж	Сәрсенбі 15.04.2026 ж	Бейсенбі 16.04.2026ж	Жұма 17.04.2026 ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі: «Балбырауын»				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Менің Қазақстаным» әнұран тындату, бірге орындау, жаттату. Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. «Әдемі кілемшелер бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Танымдық дағдылар	«Таныс пішіндер доминосы» геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру. Танымдық дағдылар	«Өз үйінді тап» түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету. Танымдық дағдылар	«Зейінді бол» Күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты, төртбұрышты, шеңберді көрсете білу. Танымдық дағдылар	«Мынау қай пішін?» Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу. Танымдық дағдылар
Ертеңгілік жаттығу	Картотека №11	Картотека №12	Картотека №13	Картотека №14	Картотека №15
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамактанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру. Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері				

	Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				
Кестеге сәйкес ҮІӨ	Музыка. Жетекші жоспарымен.	Дене тәрбиесі. Жетекші жоспарымен.	Дене тәрбиесі. Жетекші жоспарымен.	Қазақ тілі «Гүлдер Тілдік дамытушы орта Ойын 1: «Гүлді таныстыр» Балалар гүлдерді толық, нақты сөйлеммен сипаттап таныстырады: «Бұл – қызғалдақ. Қызғалдақ – әдемі гүл. Ол көктемде өседі.	Ұлттық ойын: «Такия тастамақ» Ұлттық ойын: «Асық ату» Қим ойын: «Ақ серек, көк серек»
	Апта дәйек сөзі: «Бала – елдің болашағы» Балаларға қазақ халқының тұсау кесу дәстүрі туралы қарапайым түсінік беру. Ойын әрекеті: «Қуыр шақтың тұсауын кесейік» Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Педагог балаларға тұсау	Ойын әрекеті: «Ала жіп» Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Педагог балаларға тұсау кесу кезінде қолданылатын ала жіпті көрсетіп, оның ерекшелігін түсіндіреді. Балалар «ала жіп», «жіп байлау», «жіп кесу» сөздерін анық айтуға жаттығады. Артикуляциялық жаттығулар орындалып, дыбыстарды дұрыс айтуға бағыт	Ойын әрекеті: «Бала жүрді» Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Педагог балаларға баланың алғашқы қадамы туралы өңгімелеп береді. Балалар «бала жүрді», «қадам жасады», «жіп кесілді» сөздерін анық айтуға жаттығады. Дыбыстарды дұрыс айтуға арналған артикуляциялық жаттығулар жасалады. Сөздік қор Балалар «бала жүріп келеді», «қадам басты», «мереке	Ойын әрекеті: «Тұсау кесу рәсімі» Сөйлеуді дамыту және көркем сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Педагог балаларға тұсау кесу рәсімінің қалай өтетінін түсіндіреді. Балалар «тұсау кесу», «ала жіп», «жіп кесілді», «бала жүрді» сөздерін анық айтуға жаттығады. Артикуляциялық жаттығулар арқылы дыбыстарды дұрыс айтуға бағыт беріледі. Балалар сөздерді баяу және анық айтуға машықтанады. Сөздік қор Балалар «ала жіп байланды», «жіпті кесу»,	Ойын әрекеті: «Тұсау кесу мерекесі» Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Балалар апта бойы үйренген сөздерді қайталап айтады. «Тұсау кесу», «ала жіп», «бала жүрді», «мереке» сөздерін анық айтуға жаттығады. Педагог балалардың сөйлеу қарқынын бақылап, сөздерді дұрыс айтуға бағыт береді. Сөздік қор Балалар «тұсау кесу мерекесі», «бала қадам басты», «жіп кесілді»

кесу рәсімі туралы айтып береді. Балалар «тұсау», «жіп», «бала жүрді» сөздерін анық айтуға жаттығады. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуға арналған артикуляциялық жаттығулар жасалады. Сөздік қор Балалар «тұсау кесу», «ала жіп», «бала жүрді» сөз тіркестерін меңгереді. Тілдің грамматикалық құрылымы Балалар «жіп баланың алдында», «жіп баланың жанында» сөз тіркестерін қолданады. Байланыстырып сөйлеу	беріледі. Балалар сөздерді баяу әрі анық айтуға машықтанады. Сөздік қор Балалар «ала жіп байланды», «жіпті кесу», «бала қадам жасады» сияқты сөз тіркестерін қолданады. Педагог жаңа сөздердің мағынасын түсіндіріп, балалардың сөйлем құрауына көмектеседі. Тілдің грамматикалық құрылымы Балалар «жіп баланың алдында», «жіп баланың жанында», «жіп баланың артында» деген сөйлемдер құрайды. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде айтуға жаттығады. Байланыстырып сөйлеу Балалар ала жіппен ойын ұйымдастырып, өз әрекеттерін айтып	болды» сияқты сөз тіркестерін қолданады. Тілдің грамматикалық құрылымы Балалар «бала алаңның ортасында», «жіп баланың алдында» сияқты сөйлемдер құрайды. Байланыстырып сөйлеу Балалар қуыршақпен тұсау кесу көрінісін көрсетіп, өз әрекеттерін қысқаша әңгімелейді. Педагог тұсау кесуге байланысты өлең оқиды. Балалар өлеңді тыңдап, кейбір сөздерін қайталайды. Математика негіздері – сан Балалар ойыншықтарды санайды. Бір және бірнеше затты салыстырады. Шама Балалар үлкен және кіші заттарды салыстырады. Геометриялық пішіндер	«бала қадам жасады», «мереке болды» сияқты сөз тіркестерін қолданады. Педагог балаларға жаңа сөздердің мағынасын түсіндіріп, оларды сөйлемде қолдануға көмектеседі. Тілдің грамматикалық құрылымы Балалар «жіп баланың алдында», «жіп баланың жанында», «бала алаңның ортасында» деген сөйлемдер құрайды. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану жаттығулары жүргізіледі. Байланыстырып сөйлеу Балалар қуыршақ арқылы тұсау кесу рәсімін бейнелейді. Әр бала өз әрекетін айтып беруге тырысады. Педагог балалардың сөйлеуін сұрақтар арқылы дамытады. Педагог тұсау кесу туралы қысқа өлең немесе такпақ оқиды. Балалар өлеңді тыңдап, кейбір жолдарын бірге қайталайды. Қазақ тілі Балалар қазақ тіліне тән	сияқты сөз тіркестерін қолданады. Балалар бұл сөздерді қарапайым сөйлемдерде қолдануға тырысады. Тілдің грамматикалық құрылымы Балалар «жіп баланың алдында», «бала алаңның ортасында», «жіп жерде жатыр» сияқты сөйлемдер құрайды. Байланыстырып сөйлеу Балалар тұсау кесу рәсімі туралы қысқаша әңгіме айтып береді. Педагог балаларға бағыттаушы сұрақтар қойып, олардың сөйлеуін дамытады. Апта бойы үйренген өлең немесе такпақты балалар бірге қайталайды. Математика негіздері – сан Балалар түрлі заттарды санайды. Заттардың санын салыстырып, «стен», «артық», «кем» ұғымдарын бекітеді.
--	--	---	--	---

Балалар қуыршақпен тұсау кесу ойынын ойнап, өз әрекеттерін айтып береді. Тұсау кесу туралы қысқа өлең немесе такпак тыңдау. Математика негіздері – сан Балалар ала жіптердің санын санайды. Шама Ұзын және қысқа жіптерді салыстыру. Геометриялық пішіндер Дөңгелек пішінді табу. Кеністікте бағдарлау Балалар заттарды оң және сол жағына орналастырады.	береді. Педагог балаларға бағыттаушы сұрақтар қойып, сөйлеуін дамытады. Педагог тұсау кесу туралы қысқа такпак оқиды. Балалар өлең жолдарын тыңдап, кейбір сөздерін бірге қайталайды. Математика негіздері – сан Балалар түрлі түсті жіптердің санын санайды. Бір және бірнеше затты салыстырып, «қайсысы көп?», «қайсысы аз?» деген сұрақтарға жауап береді. Шама Балалар ұзын және қысқа жіптерді салыстырады. Жіптердің айырмашылығын байқап, олардың ұзындығын анықтайды. Кеністікте бағдарлау Балалар жіпті оң және сол жағына орналастырып	Балалар дөңгелек пішінді тағы да бекітеді. Кеністікте бағдарлау Балалар заттарды оң және сол жағына орналастырады.	дыбыстарды (э, о, к, ү, ұ) дұрыс айтуға жаттығады. Қысқа жаңылтпаш немесе санамақ айту арқылы тіл жаттығады. Математика негіздері – сан Балалар түрлі түсті жіптердің санын санайды. Заттардың санын салыстырып, «қайсысы көп?», «қайсысы аз?» сұрақтарына жауап береді. Шама Балалар ұзын және қысқа жіптерді салыстырады. Жіптердің ұзындығын байқап, айырмашылығын айтады. Геометриялық пішіндер Балалар дөңгелек пішінді заттарды байқап, олардың ерекшелігін анықтайды. Кеністікте бағдарлау Балалар ойыншықтарды оң және сол жағына орналастырып көреді. Кеністіктегі бағыттарды анықтауға жаттығады.	Шама Балалар үлкен және кіші заттарды салыстырады. Ұзын және қысқа заттарды ажыратады. Геометриялық пішіндер Балалар дөңгелек пішінді тағы бір рет бекітеді. Кеністікте бағдарлау Балалар ойыншықтарды оң және сол жақтарына орналастырады. Кеністіктегі бағыттарды анықтайды. Уақытты бағдарлау Балалар таңертең, күндіз, кешке ұғымдарын қолданады.
---	--	---	---	---

		көреді. Кеңістіктегі бағыттарды анықтауға жаттығады.			
2-ші таңғы ас	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей.				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	Сәуір айына арналған картотекалар №11 №12 №13 №14 №15				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспей, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				

Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл кимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құргатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құргатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамактанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Балалардың дербес іс-әрекеті (кимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Құрастыру Балалар құрылыс материалдарын пайдаланып алаң құрастырады. Сурет салу Балалар түрлі түсті қарындашпен ала жіп бейнесін салады. Мүсіндеу Балалар ермексаздан жіп бейнесін жасайды. Жапсыру Балалар түрлі түсті қағаздардан ала	Құрастыру Балалар құрылыс материалдарын пайдаланып алаң құрастырады. Кірпіштерді дұрыс орналастыру тәсілдері көрсетіледі. Сурет салу Балалар түрлі түсті қарындашпен ала жіп бейнесін салады. Қағаз бетіне қарапайым композиция орналастырады. Мүсіндеу Балалар ермексазды домалату және созу тәсілдерін пайдаланып жіп бейнесін жасайды.	Құрастыру Балалар құрылыс материалдарынан ойын алаңын құрастырады. Сурет салу Балалар бала мен жіп бейнесін қағаз бетіне орналастырып сурет салады. Мүсіндеу Балалар ермексаздан жіп немесе шағын пішіндер жасайды. Жапсыру Балалар түрлі түсті қағаздан жіп бейнесін құрастырады. Қоршаған әлем Балалар ұлттық дәстүр туралы әңгіме тыңдап, оның маңызын	Құрастыру Балалар құрылыс материалдарын пайдаланып мерекелік алаң құрастырады. Кірпіштерді көлденең және тік орналастыру тәсілдерін қолданады. Сурет салу Балалар түрлі түсті қарындаштар немесе бояулар арқылы тұсау кесу рәсіміне байланысты сурет салады. Қағаз бетіне қарапайым композиция орналастырады. Мүсіндеу Балалар ермексаздан жіп немесе шағын пішіндер жасап көреді. Домалату және созу тәсілдерін	Құрастыру Балалар құрылыс материалдарынан мерекелік алаң құрастырады. Өз ойларымен шағын композициялар жасайды. Сурет салу Балалар тұсау кесу мерекесіне байланысты қарапайым сюжеттік сурет салады. Мүсіндеу Балалар ермексаздан түрлі пішіндер жасап, ұжымдық композиция жасайды. Жапсыру Балалар түрлі түсті қағаздардан мерекелік

	жіп бейнесін жапсырады. Қоршаған әлеммен таныстыру Балалар қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы алғашқы түсінік алады.	Жапсыру Балалар түрлі түсті қағаздардан ала жіп бейнесін жапсырады. Желімді дұрыс қолдану тәсілдері көрсетіледі. Қоршаған әлеммен таныстыру Балалар қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы әңгіме тыңдайды. Тұсау кесу рәсімі баланың алғашқы қадамын атап өту үшін жасалатыны түсіндіріледі.	түсінеді. Вариативтік бөлім. Сюжеттік рөлдік ойын: «Шаштараз» Максаты: Шаштараз мамандығы туралы түсініктерін қалыптастыру. Құрал-жабдықтарымен таныстыру, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	қолданады. Жапсыру Балалар түрлі түсті қағаздардан ала жіп бейнесін құрастырып жапсырады. Желімді дұрыс қолдану тәсілдері көрсетіледі. Қоршаған әлеммен таныстыру Балалар қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы әңгіме тыңдайды. Тұсау кесу дәстүрінің маңызы түсіндіріледі.	композиция құрастырады. Қоршаған әлеммен таныстыру Балалар қазақ халқының салт-дәстүрлерін құрметтеу керектігін түсінеді. Тұсау кесу дәстүрінің маңызы туралы әңгіме жүргізіледі.
Балалармен жеке жұмыс	Алиша мен Қасымхан Бағыты: Жуан-жіңішке сөздер Жұмыс: Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату (қала-көл).	Ерасыл мен Раяна Бағыты: Қайталап әңгімелеу Жұмыс: Қысқа мәтін мазмұнын өз сөзімен айтқызу.	Халид пен Рамазан Бағыты: Математика (тең, тең емес) Жұмыс: Заттарды қосу/алу арқылы «Тең бе?» сұрағына жауап бергізу.	Таир мен Ерназар Бағыты: Шама Жұмыс: Ұзын-қысқа, биік-аласа заттарды салыстырып айтқызу.	Бегімай мен Расул Бағыты: Геометриялық пішін Жұмыс: Дөңгелекті ұстап, сипап зерттеу, айналадағы дөңгелек заттарды тапқызу.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				

Серуен	Ойын: «Орның ды тап» Шарты: Музыка тоқтағанда әр бала белгіленген шеңберге тез тұруы керек.	Ойын: «Секір де бұрыл» Шарты: Белгі бойынша алға секіріп, артқа бұрылып жүгіріп келеді.	Ойын: «Ұста да жеткіз» Шарты: Жүгіріп барып затты алып, өз тобына жеткізеді.	Ойын: «Қуып жет» Шарты: Бір бала қашады, екіншісі қуып жетуге тырысады. Белгіленген аймақтан шықпау керек.	Ойын: «Кім дәл?» Шарты: Допты жерге соғып, қайта ұстап алады (2–3 рет қатарынан).
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Кешкі ас	Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (кимылдық, ұлттық, сюжетті-рольдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Құрастыру – «Қауіпсіз көше» құрастыру	Конструкторлардан «Бағдаршам бағанасын» орналастыру.	Құрастыру – «Жолақ» кірпіштерден	Құрастыру – «Шам орнату» кірпіштерден	Құрастыру – Құрылыс материалдарынан «ас бөлме» жасау
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) Өнегелі 15 минут				